



«eGov mobile» электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы [Google Play](#) (талап етілетін нұсқасы Android - 5.0 немесе одан кейінгі нұсқасы), AppGallery, [AppStore](#)-де (талап етілетін нұсқасы iOS - 11.3 немесе одан кейінгі нұсқасы) жүктеу үшін қолжетімді.

Қосымшада ЭЦҚ-мен немесе бір реттік пароль арқылы авторизациядан өтуге болады*.

eGov mobile мобильдік қосымшасы ЭЦҚ-ны барынша ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік береді:

- ЭЦҚ мобильді қосымшадан санаулы минуттарда ХҚКО бармай-ақ шығарыңыз
- Қолда бар ЭЦҚ-ны 4 таңбалы PIN-кодқа және құрылғыңыздың кіріктірілген биометриясына (Face ID, Touch ID) бекітіңіз, сіз ЭЦҚ таңдауға және авторизация және қызметтерді алу кезінде әр жолы пароль енгізуге алаңдамауыңызға болады.

Қосымшаның басты бетінде:

Қосымшамен жұмыс істеу бойынша пайдаланушыға арналған қысқаша нұсқаулар. Нұсқаулықтар әлеуметтік желілер бойынша пайдаланушыларға таныс тарих түрінде орындалған.

QR сканері. Сканерлеу арқылы QR қол жетімді:

- egov.kz сайтта қосымшадағы QR кодын сканерлеу арқылы авторизациялану және қызметтерге қол қою
- ХҚКО қызмет көрсету үшін мемлекеттік баж салығын төлеу
- Сондай-ақ, QR кодты сканерлеу арқылы "Цифрлыққұжаттар"сервисінде үшінші тұлғаныңқұжатын көруге рұқсат алуға болады. eGov mobile ҚР мемлекеттік

органдарының сервистерін шақыру арқылы қолжетімділік бөлінген құжатты жүктейді.

Өзінің цифрлық құжаттарына қолжетімділік ұсынатын пайдаланушы үшін "Цифрлық құжаттарға" кіріп, қажетті құжатты ашып, "Қол жеткізуді ашу" батырмасын басу жеткілікті, содан кейін үшінші тұлға бір реттік сканерлеу үшін қол жетімді бірегей QR-код жасалады.

«Танымал қызметтер» бөлімінде барынша талап етілетін анықтамалар көрсетілген, қызметтердің толық тізімімен "Барлық қызметтер" сілтемесі бойынша өту арқылы немесе «Қызметтер каталогы» бөлімінде танысуға болады.

«Қызметтер каталогында» көрсетілетін қызметтер тиісті санаттар бойынша топтастырылған. «Тапсырыстар тарихы» бөлімінде өтінім мәртебесі мен қызмет көрсету нәтижесін көруге болады. Алынған құжатты өз смартфонңызға оңай сақтауға немесе пошта немесе мессенджер арқылы бөлісуге болады.

«Сервистер» бөлімінде ұсынылды:

- «Цифрлық құжаттар» - eGov Mobile қосымшасында жеке электрондық құжаттарды сақтау сервисі. Сондай-ақ, сервис азаматқа оның келісімі бойынша үшінші тұлғаларға құжаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
- «Электрондық еңбек биржасы» - жұмыс іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң. Осы сервис арқылы сіз:

- түйіндеме жасау, жұмыс берушілерден сұхбаттасуға шақыру алу, бос орынға назар аудару немесе шақырудан бас тарту;
- берілген параметрлер бойынша бос жұмыс орындарына жазылым жасаңыз және электрондық пошта арқылы хабарлама алыңыз.
- кәсіптік бағдарлау тестінен өтіп, сізге ең жақын мамандықтарды анықтау нәтижесін алу.

- «Денсаулық паспорты» пациенттің денсаулық жағдайы туралы құрылымдалған ақпарат, сондай-ақ медициналық ұйымға тіркелу деректері, диспансерлік есепке алу, стационарлық деректер, зертханалық зерттеулердің нәтижелері және т.б. сақталатын, құжатты iOS-тағы «Денсаулық» бағдарламасына түсіру мүмкіндігі бар клиникалық құжатты алуға мүмкіндік береді.
- «Зейнетақы калькуляторы» сіздің болашақ зейнетақы төлемдеріңіздің болжамды мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді.

«Хабарламалар» бөлімінде Сіз қызметтер мәртебесінің өзгеруі туралы барлық хабарламалар мен ақпараттық хабарламаларды көре аласыз.

«Профильде» отбасы, жеке құжаттар, әлеуметтік мәртебе туралы әртүрлі мемлекеттік деректер қорынан алынған жеке ақпарат, заңды тұлғаға қатысу туралы ақпарат, авто және жылжымайтын мүлік туралы ақпарат және т.б. көрсетіледі.

«Менің карталарым» профиль бөлімінде Сіз мемлекеттік баж салығын төлеу үшін төлем картасын байланыстыра аласыз.

* Бір реттік пароль-сұрау салуды жібергеннен кейін пайдаланушының ұялы телефонына келетін тексеру коды бар sms-хабарлама. Бір реттік парольді пайдалану үшін пайдаланушы [Мобильді азаматтар базасында](#) тіркелуі тиіс.

